

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті мен экономикалық факультеттің 20-жылдығына орай ұйымдастырылған
«Қаржы, есеп, басқару және туризм салаларындағы заманауи экономикалық мәселелер»
атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ
7 сәуір 2016ж.

СБОРНИК ТРУДОВ
международной научно-практической конференции
«Современные экономические проблемы в области финансов, учета, управления и туризма»,
посвященной 20-летию Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева и экономического факультета
7 апреля 2016г.

PROCEEDINGS
of the international scientific-practical conference
“Modern economic problems in the field of finance, accounting, management and tourism”
dedicated to the 20-th anniversary of the L.N. Gumilyov Eurasian National University and the Economic Faculty
7 April, 2016

Астана, Қазақстан
Astana, Kazakhstan

УДК 336: 338.48 (063)

ББК 65.261

Қ 41

Редакционная коллегия:

Декан экономического факультета, д.э.н., профессор Макыш С.Б.,

Заместитель декана по научной работе, к.э.н., и.о. доцента Бакирбекова А.М.

Профессор кафедры «Туризм», д.э.н. Сыздыкбаева Б.У.

Заведующий кафедрой «Туризм», к.э.н., доцент Дуйсембаев А.А.

Заведующий кафедрой «Менеджмент», д.э.н., профессор Толысбаев Б.С.

Заведующий кафедрой «Учет, аудит и анализ», к.э.н., доцент Алибекова Б.А.

Заведующий кафедрой «Финансы», д.э.н., профессор Садвокасова К.Ж.

Заведующий кафедрой «Экономика», к.э.н., асс. профессор Рахметулина Ж.Б.

Заведующий кафедрой «Экономическая теория и антимонопольное регулирование», к.э.н., доцент Бабланов Т.К.

Қ41 Қаржы, есеп, басқару және туризм салаларындағы заманауи экономикалық мәселелер: Халық. ғыл.-тәжіриб. конф. еңбектер жинағы _ **Современные экономические проблемы в области финансов, учета, управления и туризма:** Сб. материалов межд. науч.-практ. конф. _ Proceedings of the international scientific-practical conference **“Modern economic problems in the field of finance, accounting, management and tourism”**. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016 _ Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2016 _ Astana, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2016.

ISBN 978 – 601 -301 – 677 - 1

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбек жинағында қаржы, есеп, басқару және туризм салаларындағы заманауи экономикалық мәселелері қарастырылған.

В сборнике материалов международной научно-практической конференции рассмотрены экономические проблемы в области финансов, учета, управления и туризма.

Economic issues in the fields of finance, accounting, management and tourism are covered in the international scientific-practical conference collection of materials.

УДК 336: 338.48 (063)

ББК 65.261

ISBN 978 – 601 -301 – 677 – 1

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016

© Евразийский Национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2016

© L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2016

реализации следующих параметров в 2020 году: наличие дополнительных 118 000 койко-мест в объектах размещения; более 8 миллиардов долларов США до 2020 года, из которых 4,5 миллиардов в новые места размещения туризма, и 2,7 в общую инфраструктуру; общий годовой доход от туризма и связанных с ним услуг приблизительно в 10 миллиардов долларов США; больше 110 тысяч новых рабочих мест; увеличение доли туризма в ВВП в Казахстане до 2 – 2,5%.

Литература

1 Шелковый путь – это мост цивилизаций // Казахстанская правда. – 2009. -№ 57. – 24 сентября.

2 Выступление Президента РК Н.А.Назарбаева на 18-ой сессии Генеральной Ассамблеи Всемирной туристской организации ООН. - Астана, 2009. - 5 октября.

3 Sahak A.E. Wheat Management Juri in socio-cultural service and tourism: Ouch. allowance. Spb.: Piter, 2007.

ҰЛЫТАУДЫ ЗЕРТТЕУ - ЖАСТАРДЫҢ БОЛАШАҒЫ

Абдраманова Г.Қ., Аубакиров Қ.С.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

«Ұлытау ауданының оқушылар үйі» КМҚК

Астана қ., Қазақстан Республикасы

e-mail: agk2009@mail.ru

Ұлытау – ұлт ұясы. Осы аталы сөздердің қасиеті киелі Ұлытауға атбасын тартып тұрады анық. Ұлытау – қазақ тарихының асыл қазынасы, ерлік пен елдіктің, береке мен бірліктің айшықты белгісі. Алты Алаштың басын қосқан Алашадан бастап, азаттық үшін күрескен Кенесарыға дейін қазақ хандары ордасын осында құрған. Ел басына күн туғанда ата-бабаларымыз осынау қасиетті жерде бастарын қосып, бірлікке, келісімге келген. Сол себепті Қазақ хандығының 550 жылдық мерейтойы қасиетті Ұлытаудан бастау алды.

Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2014 жылы 25 тамызда Ұлытау төріндегі сұхбатында: «Кезінде мен астана болатын жер іздегенде Ұлытауды көрейін деп әдейі келдім. Қазақ жерінің нағыз орта тұсы екені рас. Бірақ қазіргі заман талабымен қарасақ, бұл жерде не жол, не су, не әуежай жоқ – ешнәрсе де жоқ. Бұл жерге қыруар қаражат керек болар еді. Бәрібір елдің ордасына лайықты жер емес-ті. Бірақ қасиетті мекен ретінде бағалана береді. Міне, теміржол, басқа да жолдар салынып жатыр. Келешекте туризм орталығы болып, халқымыз келіп тәу ететін қастерлі жер болып қала береді. Мұнда Жошы ханның ордасы болған деп те айтады. Жошының қазасын естірткен кезде «Ақсақ құлан» деген күй шыққан. Бұл мекеннің осындай кереметтерін тани білуіміз керек» - деді.

Елбасының осы айтқан идеясы мен алға қойған мақсаты бойынша, 2014 жылы қазан айында Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-дің ректоры, т.ғ.д., профессор Ерлан Бәтташұлы Сыдықовтың тапсырмасы бойынша, Ұлытау өңірінде туризмді дамыту жолдарын білім, ғылым арқылы қарастыру міндеттері алға қойылды. Осы уақыттан бастап, «Туризм» кафедрасы 2014 жылы қазан айында «Ұлытау – ұлт ұясы» жобасын дайындаудағы іс-шаралар жоспары әзірленді. Қараша айында Ұлытау ауданының әкімшілігімен және Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ «Карьералар және бизнес серіктестіктер» бөлімінің басшылығымен және Экономика факультетінің деканы және «Туризм» кафедрасының ұжымымен семинар өткізілді. Онда екі жақты ынтымақтастық туралы келісім-шарттың жоспары талқыланды. Нәтижесіне, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ мен Ұлытау ауданының әкімдігі арасында ынтымақтастық туралы келісім-шарт жасалды.

2015 жылы ақпан айында Ұлытау ауданының әкімдігі Ұлытау ауданының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Ұлытау ауданының оқушылар үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның базасы негізіндегі «Туризм» кафедрасының филиалы туралы ережесі және кәсіпорындағы кафедраның филиалын ұйымдастыру туралы келісім-шарт орнады.

Осы уақыттан бастап «Ұлытау ауданының оқушылар үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның базасы негізінде «Туризм» кафедрасының филиалы жұмыс жасап келеді. Кафедра филиалының мақсаты - дарынды оқушыларды іздестіре отырып, олармен ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізу арқылы, Ұлытау өңірі үшін болашақ мамандарды даярлау.


Алға қойған міндеттердің негізгілері ретінде, «Дипломмен ауылға» бағдарламасы арқылы туған жеріне өзінің үлесін қосуына байланысты, университет түлектерін жұмыспен қамту болып табылады, яғни:

- бакалавр мен магистрлерді мақсатты даярлауда қаржыландыру;
- кәсіби тәжірибеден өту кезінде білім алушының қабілетін бағалап, болашақта аймақ үшін жұмысқа орналасуына жағдай жасау;
- өндірістік тәжірибе өту кезінде білім алушыларды қажетті жұмыс орнымен қамтамасыз ету, т.б.

Ұлытау өңірінде туризмді жандандыру аса маңызды. Мәңгілік даланың бабалары жүріп өткен жерлерді, олардың көне кәсібінен қалған жәдігерлерді танып білу ұрпақ үшін маңызды. Сонымен қоса, ұлттық құндылықтарымыз елге келетін қонақтар үшін де қызығушылық білдірері анық. Әсіресе ізденуші туристер үшін аймақтың бай тарихымен қоса, көне ескерткіштеріміз, тау-кен саласының тарихынан сыр шертетін жәдігерлер және объектілер қашанда болса, құнды. Бұл біздің Ұлттық байлығымыз. Бүгінгі күні осы тарихты таныстыратын Жезқазған-Ұлытау аймағында мұражайлар бар. Олар: Жезқазған тарихи-археологиялық мұражайы; М.Төрөгелдин атындағы Жезді тау-кен балқыту ісі тарихи мұражайы мен Қарсақпай кентіндегі Қ.И.Сәтпаев атындағы мемориалдық Музей-Үйі мәдени-тарихи комплексі; Көрме залы бар Жезқазған тарихи-археологиялық мұражайы; «Ұлытау» ұлттық тарихи-мәдени және табиғи қорық-мұражайы.

Көненің көзі сақталған мұражайлардың рөлі зор. Кезінде осы Ұлттық байлықтарымызды сақтап, келесі ұрпаққа өзінің еңбектері арқылы жеткізген М.

Төрегелдин ақсақалдың борышы орындалып, оның құнды деректері өзінің ашқан мұражайында сақтаулы. Өзінің еңбектері арқылы ол, жастарды өнегеге, елін сүйуге тәрбиелеп, сонымен қоса Ұлытау өңірінің дамуына және оның болашақта гүлденуі үшін асыл мұраны қалдырғаны мәлім. Соның ішінде, туризм саласының дамуы үшін де маңызды деректер жетерлік. Оның, Жезді-Қарсақбай - Байқоңыр өзені бойындағы тастағы таңбалар бағытындағы тарихи орындарды қамтитын туристік маршрут, сонымен қоса Жезқазған – Жезді – Ұлытау және Жезқазған – Жезді – Қарсақбай бағыттарындағы тарихи орындарды қамтитын туристік маршруттарды болашақ жастар үшін жасап, қалдыруы абзал іс. Осы деректерді әріқарай зерттеу, біздің, яғни болашақ жастардың, аманатты ел игілігі үшін іске астуы емес пе. Төменде, М.Төрегелдиннің ұсынған, Жезқазған-Ұлытау өңіріндегі саяхат бағыттарымен қазіргі жастар турмаршрут жасап, аймақты зерттеу борышы деп білемі. Бұл тарих, экономика, экология және басқа да салалардың жандануына жол ашады.



Сурет 1. Жезқазған-Ұлытау өңіріндегі саяхат бағыттары [1]

Біз, бүгінгі жастарымызды осы құндылықтардың көзін зерттеп, ізденуге тәрбиелеуіміз қажет. Осыған байланысты 2016 жылы «Туризм» кафедрасының филиалы Ұлытау өңірінің дарынды оқушыларына арналған ғылыми жобалар конкурсын жариялады. Ол екі кезеңнен өтеді және бұл іс-шара Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 20 жылдық мерейтой қарсаңында ұйымдастырылып отыр.

Жастар сонымен қоса, өздерінің зерттеулерінде турмаршруттардың экономикалық жағынана жұмсалатын турмаршруттардың шығындары мен бағыттарын зерттеуді үйренгені абзал. Келесі кезекте жас-зерттеушілер және туристер үшін аймаққа саяхат жасауға арналған: «Ұлытауға саяхат» турмаршрутының қысқаша шығын сметасы ұсыналады. Алғашқыда аймақтың статистикалық көрсеткіштерін қарастырған жөн.

Туристік қызметті статистикалық зерттеу деректері бойынша Қарағанды облысында қызмет көрсетілген келушілердің саны 2015 жылы 246,4 мың адамды құрады, ол 2014 жылға қарағанда 6,4% -ға өскен. 2015 жылы туристік

қызметпен айналысатын 113 туристік фирма және 44 жеке кәсіпкер 33,7 мың келушіге қызмет көрсеткен, ол 2014 жылға қарағанда 33,2% -ға көп. Олармен сатылған жолдамалар құны 2531,1 млн. тенгені құрады, 2014 жылмен салыстырмалы бағадан 37,5% артық. Соның ішінде, 2015 жылы Ұлытау ауданында туристік қызметтің негізгі көрсеткіштері бойынша жеке кәсіпкерлердің көрсетілген қызметі 1 095,1 мың тенгені құраған. Орналастыру орындарының негізгі көрсеткіштері бойынша Қарағанды облысында 2015 жылы 3451 нөмір есептелетін орналастыру объектілерінде 212,7 мың адамға қызмет көрсетілді. 2014 жылмен салыстырғанда 21,2%-ға артық. Қызмет көлемі 13,2%-ға өсті және 3148,2 млн. тенге құрады. Ал, Ұлытау ауданы бойынша жеке кәсіпкерлердің, 2015 жылы нөмерлер саны 2, ол жайлы емес санатқа кіреді және біржолғы сыйымдылық 4 төсек-орын, орналасу орындарының толтырымдылығы 8,2%, ұсынған тәулік төсек орын 120, тәулік төсектің орташа құны 1000 тенге, қызмет көрсетілген келермендер 53 адам [2].

Ұлытау ауданы Қарағанды облысында орналасқан. Өз аумағы бойынша Қазақстан Республикасындағы ең ірі республикалық құрылым болып табылады, оның ауданы 121,6 мың ш.м. құрайды. Әкімшілік орталығы болып Ұлытау ауылы табылады. Ауданның аумағы 12 293 105 га құрайды. Осы Сарыарқаның кең жазирасына көліктің әр түрін пайдалану арқылы саяхат жасау туристердің уақытын және жұмсайтын шығындарын үнемдеуге мүмкіндік туғызады. Соның ішінде, тас жол арқылы туристер өңірдің тарихымен қоса, сарыарқаның жазиралы жерінің табиғатына тәнті болады. Сапар барысында жазық даладағы жусанның исі, жердің құнарлығы адамдарды қасиетті жерге келгендігін сезіндіреді.

Қазақтың ежелгі қонысы жайлы тарихтың атасы атанған Геродот және басқа ғұламалар да «суы сүт, топырағы май, тасы алтын мекен» деген анықтамалар қалдырған [3].

Ұзақ жолдар арасында кемпинг және караванинг бағытын қолға алған жөн. Елімізде ұлттық кемпинг жүйесінде орналастырудың үш түрі бар: палаткаларды жалға беру; санитарлық-гигиеналық талапқа сәйкес 8 орынды үйлер; заңды тұлғалар мен қоғамдық бірлестіктерге ұзақ мерзімі жалға беруге арналған жабдықталған караванингтер. Бұл үш түрді де, өңірде дамытуға болады. Жезқазған-Ұлытау өңіріне көліктің әртүрімен жетуге мүмкіншілік бар. Соның бірі ретінде, келесі маршрутты ұсынып отырмыз. Бұл маршрут бойынша туристер Астана қаласынан Жезқазған қаласына дейін темір жол арқылы немесе ұшақ арқылы жетіп, ұсынылған туристік маршруттар бойынша саяхат жасауына болады.

«Ұлытауға саяхат» турмаршруты

Мақсат: Ұлытау өңіріне саяхат жасау арқылы, мәдени-танымдық экологиялық, спорттық және басқа да туризм түрлерін дамыту, турмаршрут шығыны есебінен, қайырымдылық акциясын ұйымдастыру.

Міндеттер:

- ✓ турөнімнің түрін ұсыну;
- ✓ маршрутты және бағасын ұсыну;
- ✓ туристер тізімін жасау;

- ✓ туристтік қажеттілікті қанағаттандыру үшін жұмысты тиімді ұйымдастыру;
 - ✓ жалпы шығының үлесінен 10% балалар үйіне аудару акциясын ұйымдастыру;
- Ұйымдастырушылар:
- Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Туризм» кафедрасы, «Ұлытау ауданының оқушылар үйі» КМҚК базасында «Туризм» кафедрасы филиалы;
 - Ұлытау ауданы әкімдігі;
 - Жезқазған тарихи-археологиялық мұражайы;
 - М. Төрегелдин атындағы Жезді тау-кен балқыту ісі тарихи мұражайы;
 - Жергілікті жердің инфрақұрылымдары.

Кесте 1. Турмаршрут шығындары

<p>1-күні: Жол ақысы /купе/ -4500тг Жезқазған мұражайы – 100тг Ұлытау қонақ үйіне орналасу – 2500тг Түскі ас – қонағасы Монша – 500тг Кешкі ас – 1300тг</p>	<p>Барлығы – 8900тг-адам</p>
<p>2-күні: Тамақтану 3 мезгіл – 3000тг Хан Ордасы, Алтын шоқы – 500тг Алаша-хан, Жошы-хан, Домбауыл кесенелеріне бару үшін көлік шығыны – 2000тг Монша -500тг Ұлытау қонақ үйіне орналасу – 2500тг</p>	<p>Барлығы – 8500тг/адам</p>
<p>3-күні: Жезді мұражайы -100тг Түскі ас – 1200тг Кешкі ас- 1800тг Жол ақысы /купе/ 4500тг</p>	<p>Барлығы – 7600тг/адам</p>
<p>Жалпы саяхатқа 25 000тг/адам шығын жуықтап кетеді. Егер 25000тг*10 адам = 250 000 тг шығын *10% қайырымдылық акциясына =25 000тг (2500/ тг адам)</p>	<p>Қайырымдылық - 2500/ тг адам Сумма – 27 500 тг</p>



Сурет 2. «Ұлытауға саяхат» маршрутының картасы

Жастар – ел болашағы. Ұлытауды зерттеу – жастардың болашағы. Біз, жастарды ел сүйгіш азамат болып өсуі үшін, өзінің туып өскен жерінің әр тасы

мен суын, ну орманы мен жолын зерттеуіне аса назар аударғанымыз жөн. Осы арқылы ұрпағымызды мақтан тұтарлық азамат етіп тәрбиелеудің бір бағыты ретінде, туризм саласының үлесі де бар.

Әдебиеттер

- 1 Қазанбаева З. Ғибадатты ғұмыр. Мақала мен естеліктер. – Астана: Фолиант, 2008. - 288 б.
- 2 Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің электрондық ресурсы: <http://stat.gov.kz>
- 3 Төрөгелдин М. Мәңгілік мұра. – Қарағанды, 1998. – 192 б.
- 4 Ахметов Қ. Ұлытау. - Астана: Фолиант, 2006.- 333 б.
- 5 Маргулан А.Х. Сочинения. Петроглифы. Гравюры с изображением волчьего тотема. Каменные изваяния. - Алматы: Атамура, 2003. - 46 с.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТУРИЗМ САЛАСЫНЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛУ МӘСЕЛЕСІ

Женсхан Д., Акишева Е.К.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.,
Қазақстан Республикасы
e-mail: azan_tanat@mail.ru

Бүгінгі күні Қазақстанның экономикалық дамуындағы басты мақсаты — әлемдегі дамыған отыз елдің қатарына қосылу. Соңғы жылдардағы әлем экономикасының қарқынды дамуының шыңына жеткен ХХІ ғасырда даму, алға жылжу қай ел үшін де маңызды. Соның ішінде Қазақстан секілді жас мемлекет үшін бұл мақсатқа қол жеткізу ерекше маңызға ие. Сондықтан, ұлттық экономиканы қарқынды дамытудың негізгі тетігі — экономикамызды әртараптандыру, және қызмет көрсету нарығын дамыту болып табылмақ. Әлемдік тәжірибе анықтап отырғандай, қазіргі кездегі шикізат өнімдеріне бағаның күрт төмендеуі қызмет көрсету нарығының, оның ішінде туризм саласының ұттық экономикадағы маңызын жоғары екендігін анықтап отыр.

2015 жылдың 20 мамырында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бес институттық реформасын жүзеге асыруға бағытталған «100 нақты қадам» жоспарын ұсынды. Жоспардың негізгі мақсаты қоғам мен мемлекетті түбегейлі қайта өзгертуге негізделген. Демек, осыдан кейінгі кезеңдерде ҚР экономикалық дамуында шикізат секторы емес, қызмет көрсету саласы, оның ішінде туризм саласының маңызы жоғары болмақ. «100 нақты қадам» жоспарында Мемлекет басшысының біртектілік пен бірлікке қатысты нақтылы тапсырмаларының ішінде 86-қадам туризм саласының нақты даму бағытын көрсетеді. Қазақстан халқы Ассамблеясының «Үлкен ел – үлкен отбасы» атты жобасын әзірлеу мен оны жүзеге асыру бойынша республикамыздың бірнеше аймақтарында ірі туристік кластерлерді құру туризмді дамытудың нақты